

Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 мамыр N 663

Республика экономикасы мен халқының тыныс-тіршілігі үшін электр энергетикасының аса маңыздылығын, саланың жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, электр энергетикасының тұрақтануы мен дамуы үшін ұйымдық-экономикалық жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдаудың беріліп отырған Бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің ұсынысы бойынша бір ай мерзім ішінде 1996 жылға арналған электр энергетикасы кешенінің объектілерін акционерлендіру жоспарын бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1996 жылдың екінші тоқсанында энергетика жүйелерінің мемлекеттік кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелерін белгіленген тәртіппен 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының қарауына берсін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері жылумен жабдықтаудың қалалық акционерлік компанияларын құру және олардың 1996-1997 жылдардағы жылу беру кезеңі басталғанға дейін қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдық шараларды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитетіне және Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне:

"Қазақстанэнерго" Ұлттық энергетикалық жүйесі құрамынан өз бетімен қайта құрылған акционерлік ірі электр станциялар 2-қосымшаға сәйкес шығарылсын;

осы Бағдарламаның орындалу барысы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлама ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Үкіметінің
1996 жылғы 30 мамырдағы
N 663 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Электр энергетикасында жекешелендіру
және қайта құрылымдау
БАҒДАРЛАМАСЫ

Осы Бағдарлама 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендіру және қайта құрылымдау Бағдарламасы шеңберінде әзірленді.

Бағдарлама қайта құрылымдаудың тәртібі мен дәйектілігін, сала ерекшелігін ескере отырып, тұтынушылардың барлық топтарын энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен тиімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік электр энергетикасы секторын жекешелендіруді жүргізуге принципті ыңғайлы, энергиямен жабдықтауды басқарудың жаңа ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін құру жолымен салаға отандық және шетел инвестицияларын тартуды айқындайды.

Қойылған мақсаттар мыналар арқылы жүзеге асырылады:

электр энергиясының өндірісіне бәсекелестікті енгізу және электр энергиясын ұлттық көтерме нарығын құру жолымен оны тәуелсіз беру;

жоғары және төмен кернеулі электр тораптары жұмысын реттеудің ашық процесін енгізу, сондай-ақ электр және жылу энергиясын беруге байланысты қызметті реттеу;

энергетикалық секторда баға белгілеуді реттеу құқықтарын жаңа тәуелсіз мемлекеттік орган - Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссияға беру;

жылу және электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылар жауапкершілігінің төлем-қаржылық тетігін құру.

Электр энергетикасы секторы монополистік және бәсекелестік сипатына ие болады. Монополияларды (жоғары және төмен кернеулі электр топтарының жұмысы, электр мен жылу энергиясын тасымалдаумен байланысты қызмет) - мемлекет, ал бәсекелестік элементтерді (электр энергиясын өндіру) - нарықтың өзі реттейді.

Электр энергиясының ұлттық көтерме нарығының субъектілері ірі генеративтік компаниялар, Ұлттық электр энергетика жүйесі, облыстық көтерме электртораптық компаниялар, аралас мемлекеттер (электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылар), сондай-ақ ұлттық электр торабынан тікелей қамтылатын өнеркәсіптік тұтынушылар

болады.

Аймақтық нарықтық субъектілері Ұлттық электр энергетика жүйесі, жылу электр станциялары, аймақтық электр тораптары, басқа да энергия өндіруші ұйымдар және электр энергиясын тұтынушылар болады.

Қазақстан электр энергетикасы ұйымдары ерекшеліктерінің қысқаша сипаттамасы

Қазіргі уақытта Қазақстан электр энергетикасы құрамында он электр энергетика жүйесі бар - Ұлттық және әкімшіліктік-аумақтық принципі бойынша құрылған тоғыз аймақтық электр энергетика жүйесіне құрылған Біріккен электр энергетика жүйесі (Қазақстанның БЭЖ) түріндегі тікелей интеграцияланған өндірістік құрылым болып есептеледі.

Құрамына Қазақстанның Біріккен диспетчерлік басқармасы, базалық жылу және гидравликалық электр станциялар, аймақ-аралық және мемлекетаралық электр топтары кіретін "Қазақстанэнерго" ұлттық электр энергетика жүйесі республикадағы электр энергиясының негізгі өндірісін, энергия жүйелерінен және басқа өндірушілерден артық электр энергиясын сатып алуды қамтамасыз етеді, Ресей мен Орта Азия БЭЖ-мен қатарлас жұмысты және Қазақстан аймақтары арасында электр энергиясын бөлуді жүзеге асырады.

Электр станциялардан, электр және жылу тораптарынан тұратын аймақтық энергия жүйесі электр және жылу энергиясын өз электр станцияларында өндіруді, Ұлттық энергия жүйесінде электр энергиясын сатып алуды (немесе Ұлттық энергия жүйесіне сатуды), Қазақстанның қызмет көрсетілетін аймағына электр және жылу энергиясын беруді, таратуды және өткізуді қамтамасыз етеді.

Уақыттың әрбір ағымдағы сәтінде республиканың барлық аумағында электр энергиясын өндіру және тұтыну арасындағы байланысты қамтамасыз етуге бірыңғай диспетчерлік кесте бойынша экономикалық жағынан неғұрлым тиімді режимді қазақстанның БЭЖ электр энергетика жүйелеріндегі технологиялық режимдерді басқаруды орталықтандырумен қол жеткізіледі.

Электр энергетикасының қызмет етуі мен дамуын электр

энергетикасы кешенінің мынадай арнайы ұйымдары қамтамасыз етеді:

жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосуды, энергетикалық жабдықтарды, өндірістік мақсаттағы үйлер және ғимараттардың жөнделуі мен дайындалуын, қайта жаңартылуын, жаңғыртылуын және техникалық қайта жарактандырылуын қамтамасыз ететін құрылыс-монтаж және жөндеу-дайындау кәсіпорындары;

ғылыми-зерттеу және жобалау институттары.

Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың салалық бағдарламасында ескерілген электр энергетикасы кешенінің ерекшеліктері

1. Республика экономикасы мен халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудегі ерекше ролі.

2. Электр және жылу энергиясын өндірудің, берудің және бөлудің бірге өтетін процестерінің технологиялық бірлігі.

3. Электр станцияларын республика аумағында су қорлары, отын базасы, тұтынушылардың болуына, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың орындалуына байланысты орналастыру. Қазақстанның көптеген аймақтарындағы импорт және энергия артық аймақтардан қайта бөлу есебінен жабылатын электр энергиясының тапшылығы.

4. Энергетикалық қуаттарды оздыра дамыту қажеттілігі (үйлестірілген бағдарламалар бойынша).

5. Энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығы мен сапасына, салада және оның буындарында орталықтандырылған диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру керектігін дәлелдейтін төтенше оқиғалар мен ерекше жағдайларда, біріккен энергия жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге

жоғары талаптар қойылуы.

6. Өндірістің қор сыйымдылығының жоғары деңгейі, негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы, инвестициялық циклдың ұзақтылығы.

7. Пайдаланылған электр жылу энергиясы үшін тұтынушылардың төлем жасамау дағдарысы.

Электр энергетикасы кешені кәсіпорындарын, бірлестіктері мен ұйымдарын акционерлендірудің және мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің дәйектілігі

Электр энергетикасы кешені объектілерін акционерлендіру және жекешелендіру процесі алдын ала құрылымдық жаңартулар енгізу, нарықтық-экономикалық жағынан тәуелсіз субъектілерін қалыптастыру

және оларды кейін жекешелендіру қажеттілігінен туған бірнеше кезенді көздейді.

а) I кезең (1996 жыл) - электр энергетикасы кешенін басқарудың ұйымдық құрылымын қайта құру

1. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру тәртібінде салалық нормативтік заңдылық актілері белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі. Электр және жылу энергиясына (қуатына) арналған бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеудің орталық органы болып табылатын Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия - құрылады.

2. Құрамында ұлттық электр торабы, электр энергиясының ұлттық көтерме нарығы және орталық диспетчерлік басқарма бар Ұлттық электр энергетикасы жүйесінің қалыптасуы аяқталады.

3. Электр станцияларына (ЖЭО, ГЭС) және бірнеше жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ететін магистральді жылу тораптарына шаруашылық және құқықтық дербестік беріледі.

Технологиялық және экономикалық тиімділігіне байланысты жылу тораптарына жекелеген жылу электр станцияларының құрамына берілуі мүмкін.

Коммуналдық мақсаттағы жылумен жабдықтау объектілері (жекелеген ЖЭО, аудандық қазандықтар, жылу тораптары) коммуналдық меншікке беріледі.

4. Бір облыста орналасқан электр тораптары бөлімшелерін бір заңды мекемеге біріктіру жолымен аймақтық энергия жүйесінің құрамында әрбір облыста дербес электр торабы кәсіпорны құрылады.

Аймақтық энергия жүйесімен бір облыста орналасқан электр тораптары осы энергия жүйесінің филиалдары құқығымен жұмыс істейді.

5. Энергия жүйелерінің балансындағы осы аймақ пен тұтастай республика үшін әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік-мәдени тұрмыстық объектілерін белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарына немесе облыс әкімдерінің қарауына беру жүзеге асырылады.

Энергия жүйелерінің әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін қажетті әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілер тиісті энергетика кәсіпорындарының баланстарында қалады.

б) II кезең - электр энергетикасы кешенінің объектілерін

акционерлендіру және жекешелендіру (1996 жылдан бастап)

Электр энергетика кешенінде мемлекеттік меншікті акционерлендіру мен жекешелендіру Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің қатысуымен қайта ұйымдастыру процесінің әрбір сатысында Қазақстан энергия жүйелерінің ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізіледі.

1. Электр энергетикасы кешеніндегі мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру дербес акционерлік қоғамдар (компаниялар) етіп қайта ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады:

су электр станциялары (ГЭС);

көмірмен, газбен, мазутпен жұмыс істейтін және электр энергетикасы секторының негізгі энергия өндіруші кәсіпорындары жүйесін құрайтын ірі электр станциялары;

жылу электр станциялары;

аймақтық энергетикалық жүйелер құрамынан бөлінетін облыстық электр тораптары кәсіпорындары;

өндірістік бірлестіктер (кәсіпорындар), сондай-ақ энергия объектілерінде арнайы жөндеу-дайындау және құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізетін энергия жүйелерінің құрылымынан бөлінген бөлімшелері;

ғылыми-зерттеу және жобалау-іздірету институттары.

Жеке жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрамындағы электр және жылу тораптары, жылу электр станциялары бар бірегей мүліктік кешен ретінде аймақтық энергия жүйесін акционерлік қоғам етіп құру варианттары қаралуы мүмкін.

Осы немесе басқа вариантты таңдау аймақтық энергия жүйесін акционерлендіру жоспарын әзірлеген кезде және әрбір энергия жүйесінің ерекшеліктеріне, оның Қазақстанның бірыңғай электр энергетикасы жүйесіндегі орнына, жабдықтардың техникалық жәй-күйіне байланысты жекешелендірудің жеке жобасын дайындаған кезде жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамдардың (компаниялардың) құрылу сәтіндегі жарғылық қоры 100 процент толығымен акциялар түрінде мемлекеттік мүліктен тұратын болады.

2. Электр энергетикасы кешеніндегі жекешелендіру жеке жобалар бойынша, қызмет бейімі міндетті түрде сақтала отырып және акционерлік қоғамдарда дауысты акциялардың 1/3 кем емес мөлшерінде мемлекеттің үлесіне қалдырылып, мына принциптерге негізделіп жүзеге асырылады:

мемлекеттік акциялар пакеттерін немесе олардың сатылуын сенімді басқаруға беру;

Қазақстанның бірыңғай электр энергетикасы жүйелерінің пайдалану ерекшеліктерін сақтау;

энергиямен жабдықтауды дербес басқару мен электр энергиясын өндіру және тасымалдаудағы жоғарғы деңгейдегі үйлестіруді байланыстыру;

электр энергиясымен қуатын импорттау және экспорттау мәселелерінде ұлттық мүдделердің сақталуын қамтамасыз ету;

Қазақстан экономикасын сенімді энергиямен қамтамасыз ету мақсатында ұлттық көтерме нарықта энергетикалық қуаттардың жеткілікті резервін сақтай отырып энергетикалық өндірісті мемлекеттік реттеу;

жекешелендірілетін энергетикалық объектілердің акцияларын орналастыру, стратегиялық инвесторды тартудың тиімді саясатын қамтамасыз ету;

мемлекеттік энергетикалық саясатты жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер тудыру.

3. Энергетика объектілері үшін тартылатын инвестициялардың қажеттілігі мен көлемдерінің толықтығын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдерінен жекешелендіру жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылады.

4. Құрамына Орталық диспетчерлік басқарма, аймақаралық және мемлекетаралық жоғары кернеулі электр тораптарының объектілері, 500 кв. және одан астам кернеулі электр тораптары кіретін "Қазақстанэнерго" ұлттық электр энергетикасы жүйесі 1997 жылға дейін жекешелендіруге жатпайды.

в) III кезең - электр энергия еркін нарығының қалыптасуы (өндіру және өнім беру) (1998 жыл)

Орталық және аймақтық диспетчерлік орталықтар негізінде диспетчерлендіру және электр энергиясын оперативті сатып алу, сату жүйесі бар электр энергиясының энергетикалық биржасы құрылады.

Энергия нарығының техникалық және экономикалық қызмет Ережелер жиынтығы негізінде құрылады.

Ұлттық электр энергетикасы жүйесі ұлттық көтерме нарыққа

сатылатын барлық электр энергиясының берілуін жүзеге асырады.

Аймақтық энергиямен жабдықтайтын ұйымдар өз аймақтарында электр және (немесе) жылу энергиясын бөлуді және сатуды қамтамасыз ететін болады.

Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия электр және жылу энергиясының тарифтерін реттейтін, энергия нарқы шеңберінде бәсекелестікті дамытуға көмектесетін, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында белгіленген басқа да реттеу қызметтерін орындайтын болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 30 мамырдағы
N 663 қаулысына
1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі
министрлігі энергетикалық жүйелерінің 1996 жылы
коммуналдық меншікке берілетін мемлекеттік
кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелерінің
ТІЗБЕСІ

а) жылумен жабдықтау объектілері (аудандық қазандықтар, жылу тораптары):

Қапшағай жылу тораптары 1-АҚ және 2-АҚ бірге (Алматыэнергия);
Өскемен N 1, 2 аудандық қазандығы (Алтайэнергия);
Аблакетка қазандығы (Алтайэнергия);

<*>

Қарағанды жылу тораптары (Қарағандыэнергия);
Петропавл жылу тораптары (Тыңэнергия);
Көкшетау жылу тораптары кәсіпорны 1-АҚ және 2-АҚ бірге
(Тыңэнергия);
Шульба аудандық қазандығы (Алтайэнергия);
Ақсу жылу тораптары АҚ бірге (Павлодарэнергия);
Шымкент жылу тораптары 1-АҚ, 2-АҚ, 3-АҚ бірге
(Оңтүстікқазэнергия);
Екібастұз жылу тораптары (Екібастұзэнергия);
Қостанай жылу тораптары кәсіпорны 1-АҚ, 2-АҚ, 3-АҚ бірге
(Қостанайэнергия);
Қызылорда жылу тораптары НАҚ бірге (Оңтүстікқазэнергия);

б) коммуналдық мақсаттағы ЖЭО;
Тентек ЖЭО (Қарағандыэнергия);
Қаражал ЖЭО (Қарағандыэнергия);
Арқалық ЖЭО (Қарағандыэнергия);
Екібастұз ЖЭО (Екібастұзэнергия);
Кентау 5-ЖЭО (Оңтүстікқазэнергия);

<*>

ЕСКЕРТУ. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.10.24.

№ 1295 қаулысымен.

Р961295_

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.25. № 1278

қаулысымен.

Р971278_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 30 мамырдағы
№ 663 қаулысына
2-ҚОСЫМША

"Қазақстанэнерго" ҰЭЖ құрамынан шығарылатын және дербес
акционерлік қоғамдар болып қайта құрылатын ірі
электр станцияларының
ТІЗБЕСІ

Екібастұз 1-ГРЭС-і

Екібастұз 2-ГРЭС-і

Жамбыл ГРЭС-і

<*>

ЕСКЕРТУ. Тізбеден сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.10.03.

№ 1222 қаулысымен.

Р961222_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК